

«Балдәурен» МДҰ

*Бала тәрбиесіндегі
ата-ана рөлі
(кеңес беру)*

Педагог-психолог: Сағынбаева М.Қ

2024-2025 оқу жылы

Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;
4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Ата – ананың жауапкершілігі:

1. Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты;
2. Мұғалімге, мектептің педагогикалық ұжымына балағаттау және әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін жауапты;
3. Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.
4. Балаға адамгершілік тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы;
5. Мектептен кейінгі баланың білім мен тәрбие алуына бақылау жасауына жауапты;
6. Кәмелеттік жасқа жеткенге дейінге баланың салауатты өмір салтына сай тәрбие алуына жауапты.

«Балдәурен» МКҚК МДҰ

2024-2025 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі , орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысқаны: 4

Күні: 14.02.2025 ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» Кеңес беру

Тыңдалды:

«Балдәурен» МДҰ педагог-психолог Сағынбаева М.Қ сөз алды:

Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» деген тақырыпта кезекті консультациялық пункт отырысына қош келдіңіздер! Балабақшадағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі ерекше маңызды. Ата-ана баланың алғашқы және ең негізгі тәрбиешісі, әрі өмірлік үлгісі. Бала тәрбиесінің негізгі отбасында қаланады, сондықтан балабақша мен отбасы арасындағы тығыз байланыс баланың дұрыс дамуы мен тәрбиеленуіне зор ықпал етеді.

Ата-аналар балабақшада баланың білім алуына, дамуына, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға тікелей қатысады. Олар тәрбиешілермен бірігіп, баланың психоэмоционалды жағдайын бақылап, баланың өзін-өзі тануына, қоршаған ортаға бейімделуіне көмектеседі.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы Рахметова Г.А сөз алды: Сәлеметсіздер ме! Дұрыс айтасыздар! Бала тәрбиесіне ең бірінші ата-ананың рөлі маңызды. Ең алдымен балаға қолдау көрсету керек. Ата-ана баланың оқу және ойын әрекеттеріне қолдау көрсетіп, оның қызығушылығын дамытуды қамтамасыз ету керек. Балабақшадағы тәрбие мен үйдегі тәрбие үйлесімді болуы тиіс.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы Алиева Ж.М сөз алды: Ең алдымен балабақшадағы шаралар мен іс-шараларға қатысу, балаға өздерінің қолдауын көрсету арқылы оның сенімділіктерін арттырамыз. Сонымен қатар психологиялық көмекті өзімізде беруіміз керек. Ата-аналардың эмоциялық жағдайын түсініп, оған психологиялық қолдау көрсетуі керек. Бұл әсіресе бала жаңа ортаға бейімделіп жатқанда маңызды.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы Бектибаева Б сөз алды: Сонымен қатар тәртіп пен үлгі көрсетуіміз керек. Ол үшін ата-ана балаға жақсы үлгі болып, дұрыс мінез-құлық дағдыларын көрсетеді. Бала көбінесе ата-анасының әрекеттерін қайталайды. Сол үшін ата-ана балаға қарым-қатынас орнатудың және қиындықтарды шешудің тиімді жолдарын үйрету керек. Бұл дағдылар балабақшада да маңызды рөл атқарады.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы Кеңшілікова М.Е сөз алды: Ата-ана баланы үйде оқуға, шығармашылыққа ынталандырып, оның қабілеттерін ашуға көмектесуіміз керек. Балабақша бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі баланың бейімделуіне үлкен әсер етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы серіктестік баланы толыққанды дамуын қамтамасыз етеді деп айта аламын.

«Балдәурен» МДҰ

басшысының м.у.а:

Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:

М.Қ.Сағынбаева

